

Акциялардың мемлекеттік пакеттерін ашық аукциондарда сату тәртібі жөніндегі Уақытша ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының жекелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті 1995 жылғы 9-тамыздағы N 60 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 4 қазанда N 106 тіркелді. Күші жойылды - ҚР ММБЖК-нің 1996.02.07. N 37 қаулысымен. ~V960037

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттенсіздіру мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарына (2 кезең) Ұлттық бағдарламасын іске асыру мақсаттарында және Министрлер Кабинетінің 1994 жылдың 10 наурызындағы "Акциялардың мемлекеттік пакеттерін сату тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы" № 257 қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасының жекешелендіру жөніндегі Мемлекеттік комитеті қаулы етеді:

1. Акциялардың мемлекеттік пакеттерін ашық аукциондарда сату тәртібі жөніндегі қоса беріліп отырған Уақытша ереже бекітілсін.

2. Жаппай және шағын жекешелендіру бағдарламасы бойынша сауда жасау үшін акциялар мемлекеттік пакеттерінің ең төменгі құнын анықтау жөніндегі қоса беріліп отырған Нұсқау бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлік бойынша мемлекеттік комитетінің 1994 жылғы 30 қыркүйектегі қаулысымен бекітілген "Мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлеу мен акциялардың мемлекеттік пакеттерімен шағын жекешелендіру шенберінде сату тәртібі туралы" Ережені қолдану бойынша Уақытша нұсқауды бекіту туралы 1995 жылғы 21 маусымдағы қаулы өзгертулері мен толықтыруларымен бірге күшін жалған деп танылсын. 4. Осы қаулының орындалуын бақылау Жаппай және шағын жекешелендірудің Жетекші басқармаларына жүктелсін. Төраға Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік мұлікті басқару мемлекеттік комитетінің жөніндегі мемлекеттік қаулысымен комитетімен Бекітілген Келісілген 9 тамыз 1995 жыл 25 шілде 1995 жыл N 60 Акциялардың мемлекеттік пакеттерін ашық аукциондарда сату тәртібі туралы уақытша ереже I.

Ереже акционерлік қоғамдардың акциялардың мемлекеттік пакеттерін ашық аукциондарда ақша қаржыларына сатудың тәртіптері мен шарттарын реттейді.

Ережеде мұнан былай анықталғандай, егер контекст алдын-ала басқаша қарастырмаса, сөздер мен сөйлемдер мына мағыналарда болады:

1.1.1. "Сатушы"- Қазақстан Республикасының жекешелендіру жөніндегі комитеті;

1.1.2. "Ұйымдастырушы"- Сатушы немесе акциялардың мемлекеттік пакеттерін сату аукционын ұйымдастырып дайындаушы және жүргізуші заңды ұйым немесе жеке тұлға.

1.1.3. "Қатысушы"- аукционға қатысу үшін белгіленген тәртіpte тіркелген заңды ұйым немесе жеке тұлға.

1.1.4. "АҚ"- акциялары сатылуға қойылатын акционерлік қоғам.

1.1.5. "Сауда"- лоттар сатудың аукциондық түрі.

1.1.6. "Лот"- саудаға шығарылатын нақты акционерлік қоғамның анықталған белгіленген акциялардың бүтіндей саны.

1.1.7. "Лоттың алғашқы бағасы" - әр лот бойынша сауда басталатын баға.

1.1.8. "Лоттың ең аз бағасы"- сауданың голланд тәсілімен төмен бағага сатылуға болмайтын баға.

1.1.9. "Сауданың ағылшынша тәсілі"- алдын-ала хабарланып, ең жоғарғы бағаны ұсынған жалғыз қатысушы қалған сәтке дейінгі алғашқы бағаның жоғарылау саудасы.

1.1.10. "Сауданың голланд тәсілі"- алғашқы бағаның алдын ала хабарлануынан соң бір қатысушының лотты хабарланған баға бойынша сатып алушына келіскендігі алғашқы бағаның төмендеу саудасы.

1.1.11. "Сауда бағасы"- сауда шешімдері бойынша белгіленген лоттың соңғы бағасы.

1.1.12. "Женуші"- саудадағы қабылданған тәртіpterге сәйкес саудада женген қатысушы.

1.1.13. "Сатып алушы"- сауда-саттық акциялары Шартын сатушымен қорытындылауына Женуші.

1.2. Сату заты

1.2.1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеттің Қазақстан Республикасының жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне шағын жекешелендіру схемасымен және жеке жобалар бойынша жекелешендірілетін акционерлік қоғамның акцияларының мемлекеттік пакеттерінен басқа берілетін акционерлік қоғамның акцияларының мемлекеттік пакеттері сату заты болып табылады. Акционерлік қоғам акцияларының мемлекеттік пакеттері аукционға бір лотпен бүтіндеп шығарылады, оны сату сауданың ағылшынша тәсілі түрінде жүзеге асырылады. Қайта көрсетілуде акциялар пакеті акционерлік қоғамның Жарлық Қорының 10%-ін құрайтын бөлімдерге (лоттарға) бөлінеді, және оларды сату сатудың голландық тәсілі

арқылы жүзеге асырылады. Бұл жағдайда лоттың алғашқы бағасы лоттың ең төменгі бағасынан 100 есе көтерілу керек.

1.2.2. Аукционға акционерлік қоғамның акциялар әмиссиясы проспектісінің белгіленген қолданылатын заң тәртібімен тіркелген акциялардың мемлекеттік пакеттері шығарылады.

1.2.3. Акциялардың мемлекеттік пакеттерін сатуда қолданылатын заңдың бағалы қағаздарымен келісіміне ұсынылатын барлық шарттар сақталу керек. 1.3. Сатушы және Сауданы ұйымдастырушы 1.3.1. Сатушы акциялардың мемлекеттік пакеттерін белгілі қолданбалы және осы Ереже тәртібімен жүзеге асырады. 1.3.2. Сатушының ерекше функциялары мыналар: - акционерлік қоғамның аукционға шығарылатын акциялардың мемлекеттік пакеттерінің тізім анықтамасы; - акционерлік қоғамды бөлек аукциондарға бөлу және оларды өткізуіндік уақытын анықтау; - лоттың алғашқы және ең төмен бағасын анықтау; - кепілдік жарнаны енгізу мен оны қабылдауды жүзеге асыру тәртібін анықтау; - Ұйымдастырушылармен ұйымдастыру және өткізу жөнінде шарттардың қорытындысы; - аукционды ұйымдастыру мен өткізу жайын бақылауды жүзеге асыру; - сауда Женешімен сату-сатып алу шартының шешімі және оны орындауды бақылау; - оны қайта ұсынуда акциялар пакетін лоттарға бөлу және олардың мөлшерін анықтау; - Қатысушылар мен Сатып алушылар есебін жүзеге асыру.

1.3.3. Сатушы аукционда өз бетінше ұйымдастырады және өткізеді, немесе акциялардың мемлекеттік пакеттерін аукционда сатуда мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру жұмыстарын өткізуге лицензиясы бар және бағалы қағаздармен операцияларды жүзеге асыруға лицензиясы бар заңды ұйым немесе жеке тұлғамен шарт жасасады. Сатушы осы Ереженің 1.3.2.-бабын саналған функциялarda шарт бойынша беруге құқылы емес.

1.3.4. Акциялардың мемлекеттік пакеттерін сату туралы аукционда ұйымдастыру және жүргізу шарты Сатушы мен Ұйымдастырушы арасында жазбаша түрде жасалады және мына мазмұнды қамту керек; - Ұйымдастырушының лицензиясының күні, нөмірі және әрекет мерзімі; - жеке аукцион бойынша бөлінген акционерлік қоғамның тізімі; - аукциондарды өткізуіндік ең соңғы мерзімі; - әр акционерлік қоғам бойынша аукционға шығарылатын акциялардың мемлекеттік пакет көлемі; - әр лотта сатудағы сауда өткізу әдісі; - лоттар саны; - лоттардың алғашқы және соңғы бағасы; - кепілдік жарнаның мөлшері және оны енгізу тәртібі; - аукционды дайындау мен өткізу барысы туралы Ұйымдастырушының есебінің кезеңі мен түрі; - Ұйымдастырушының сыйақы алуының көлемі мен шарттары; - Сатушымен өзара есеп тәртібі; - өзара міндеттемелер мен түліктік жауапкершілік; - шарттың әрекет мерзімі мен оны бұзы шарттары; - 1.3.5. Ұйымдастырушының сыйақы көлемі

сатып алушының осы Ережедегі 5.4-бабындағы ережелерге сәйкес төлеген авансысының әр лот бағасының 10%-тен артығын құрайды. 1.4. Саудаға қатысушы. 1.4.1. Аукционға қатысуға Қазақстан Республикасының заңды үйымдары мен жеке тұрғындары, сондай-ақ осы Ереженің 3.3-бабында анықталған тәртіpte тіркеуден өткен шетел заңды үйымдары мен жеке тұлғалары және азаматтығы жоқ адамдар жіберіледі. 1.4.2. Аукционға төмендегілер қатыса алмайды. а) өз өкімет органдары мен басқармасындағы мемлекет; б) Акциялары сатуға шығарылатын акционерлік қоғамдар; в) шешім және сату-сатып алу шартын орындау бойынша сәйкес міндеттемелерді орындамаған алдыңғы саудада Женіске Жетушілер; г) Жарғылық қорда мемлекеттік меншікке көбінде 25%-ке болатын заңды үйымдар; д) Аукционды үйымдастыруши. Ескерту: 1.4.2-бап өзгертілді - ҚР мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті 1995 жылғы 10 қарашадағы N 148 қаулысымен. V950005_ 1.4.3. Сатушы немесе Үйымдастыруши аукционға қатысу үшін. 1.4.4. Бапта көрсетілген қосымша шектеу қоюға құқылы емес. 1.5. Қатысатын адамдар. 1.5.1. Аукционға кіретін билетін төлеген қатысуға тілек білдірушілер қатысады. 1.5.2. Қатысушылар аукцион барысына ықпал етуге және оны өткізу ережесін бұзуга құқы жоқ, басқаша жағдайда аукцион залынан шығарылып жіберіледі. II. Кепілдік жарна 2.1. Кепілдік жарна қатысушының төмендегі міндеттемелерін қамтамасыз етеді: - саудада женғен жағдайда хаттамаға қол қою; - сауда нәтижелері туралы хаттамаға сәйкес сату-сатып алу шартын қорытындылау; - сату-сатып алу шарты бойынша; - міндеттемені орындау.

2.2. Кепілдік жарна аукционға қатысу үшін барлық акциялар пакеттері (лоттар) үшін бірдей көлемде белгіленеді және мынадай әдіспен есептелінеді:

а) әр лот бойынша 10% анықталады;

Лоттың алғашқы бағасынан - сауданың ағылшын тәсілімен;

- лоттың ең төмен бағасынан - сауданың голландтық тәсілімен;

б) осы баптың "а" тармағы алынған орта арифметикалық көлеммен анықталауды;

в) аукционға шығарылатын лоттар санынан лоттың ең аз алғашқы немесе төмен бағасымен анықталады;

г) кепілдік жарнасының көлемі осы баптың "в" және "б" тармақтарында алынған ең аз көлемінен бірдей қабылданады.

2.3. Қатысушылар кепілдік жарналардың кез-келген санын енгізуге құқылы, бұл жағдайда бір кепілдік жарна бір лотты сатып алуға құқылы.

2.4. Кепілдік жарна хабарлау белгіленген тәртіpte және қолданылатын заңға сай түрде және тәртіpte енгізіледі. Кепілдік жарнасың көлемі хабарлау жарналанғаннан кейін өзгертілуі мүмкін емес. Кепілдік жарна қатысушы атынан кез-келген басқа заңды үйим немесе жеке тұлға атынан енгізілуі мүмкін. Сатушы

кепілдік жарнаны алушы болып табылады.

2.5. Кепілдік жарналар аукцион біткеннен кейін 5 банктік күн ішінде қайтарылады, егер ақша аукционнан кейін Сатушының есебіне түссе, онда түскен күннен бастап 5 банктік күн ішінде қайтарылады.

2.6. Қатысушы енгізген кепілдік жарналар сомасы сату-сатып алу шарты бойынша есептелетін төлем есебіне кіреді. 2.7. Кепілдік жарналар мына жағдайларда қайтарылмайды; - Сауда нәтижелері туралы Жеңіске жетушінің хаттамаға қол қоюдан бас тартуынан немесе сату-сатып алу шартының шешімінен; - сату-сатып алу шарты бойынша міндеттемені орындау немесе тиісті түрде орындау - Қатысушының осы Ережемен және Қазақстан Республикасының заңымен көрсетілген талаптарынан байқалған сәйкессіздік. III. Аукционды өткізуге дайындық 3.1. Аукционға дайындық тәртібі. 3.1.1. Аукционға дайындық мына тәртіpte жүзеге асырылады: - акциялардың мемлекеттік пакеттері аукционға шығарылатын акционерлік қоғамдардың тізімі; - акционерлік қоғамдар бөлек аукциондарға бөлінеді және оларды жүргізу уақыты белгіленеді; - аукционға қайта шығарылған жағдайда акциялар пакеті лоттарға бөлінеді; - акциялардың мемлекеттік пакеттерінің ең төмен бағасының анықтамасы бойынша нұсқауға орай лоттардың алғашқы және ең төмен бағалары анықталады; - кепілдік жарна төлеудің көлемі мен тәртібі анықталады; - Ұйымдастырушылармен аукционды ұйымдастыру мен өткізуше шарт жасалынады; - сату проспектілері, хабарлау бюллетендері, аукциондық карталар және акционерлік қоғамға қатысатын графиктер құрылады; - сауда өткізу жөнінде хабарландыру жарияланады және басқа да жарнамалық қызмет жүзеге асырылады; - кепілдік жарналар қабылданады; - қатысушыларды тіркеу жүргізіледі; 3.2. Ақпараттық хабар және басқа жарнамалық материалдар. 3.2.1. Аукционды өткізу жөніндегі ақпараттық хабар кемінде 2 рет жарияланады, бірінші хабар аукционды өткізуден 30 күн бұрын жарияланады: а) республикалық баспасөзде барлық жағдайларда; б) облыстық баспасөзде, егер акционерлік қоғам осы облыста (оның ішінде Алматы облысында) немесе аукцион соның аумағында өткізілсе. Ескерту: 3.2.1-бап өзгертілді - ҚР мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті 1995 жылғы 10 қарашадағы N 148 қаулысымен. V950005_ 3.2.2. Ақпараттық хабар 200 кв. см. көлемінде болу керек. 3.2.3. Ақпараттық хабар мына мазмұнда болу керек; - аукционды өткізудің күні, уақыты және жері;

- сату, бюллетендер, аукцион өткізу ережесі және басқа хабарлар алатын сату Проспектісінің телефоны және мекен-жайы, - саудаға шығарылатын акциялардың акционерлік қоғамының аты, негізгі қызмет профилі, заңды мекен-жайы және телефоны; - әр акционерлік қоғам бойынша шығарылатын акциялар пакеттерінің (жарғылық қордың процентімен) көлемі; - әр лот бойынша

сауда өткізу тәсілі; - сатылатын акциялар пакеттерінің (лоттардың) алғашқы және ең төменгі бағалары; - арыз қабылданатын жер және мерзімі; - кепілдік жарна көлемі, оны төлеу әдісі мен тәртібі, алушының есептік шоты; - сатушы шешімі бойынша басқа қосымша хабар. 3.2.4. Әр акционерлік қоғам бойынша ақпараттық хабар жарналардан бұрын мыналарды дайындау керек:

а) Қаржы-экономикалық жағдайын бағалау мен капиталды оның бағалы қағаздарына салу нәтижелігі туралы шешім қабылдау үшін болашақ инвесторға қажетті Акционерлік Қоғам жөнінде ақпаратты бар сату проспектісі, және ол м ы н а л а р д а н т ұ р а д ы :

- акциялар шығару проспектісі мен шығару проспектісін тіркеу туралы күмеліктің ксерокөшірмесінен;

- акциялардың мемлекеттік пакеттерін аукционда сату үшін қабылдау-беру актісінің ксерокөшірмесінен;

- құрылтайшы құжаттардың ксерокөшірмесінен;

- бухгалтерлік баланстар, қаржы нәтижелері мен оларды пайдалану туралы есептер, шығару проспектісін тіркеу сәтінен бастап Сатушы осы АҚ-ды аукционға шығару туралы шешім қабылдаған күнге дейін әрбір аяқталған мерзімге АҚ-ның бухгалтерлік баланстарына қосымшалар ксерокөшірмесінен.

Сату Проспектіндеге сондай-ақ басқа қосымша мәліметтер болуы мүмкін (инвесторға қауіп туғызатын факторлардың анализі, кәсіпорынды техникалық қайта жабдықтаудың болуы мүмкін вариантар туралы мағлұматтар, осындағы қайта жабдықтаудан кейінгі оның пайдалылығының есебі, өндіру үшін қажетті инвестициялардың көлемін бағалау, өндірілген өнімнің дүниежүзілік немесе ішкі және тағы басқа рыноктарындағы болашағын бағалау).

б) әрбір АҚ жайлы қысқаша сипаттамасы, ақпараттық хабарға қойылатын талаптарда аталған барлық негізгі мағлұматтары, және АҚ туралы басқа қосымша ақпараты (өнім шығару көлемі, шикізат пен сату рыногы, негізгі қорлардың сипаттамасы және тағы басқалар) бар ақпараттық бюллетенъ. Бюллетенъ, Сатушы белгіленген міндетті түрде жіберу тізіміне сәйкес ақпараттық хабарландыру жарияланғанға дейін жан-жаққа жіберіледі.

в) Аукционға шығарылатын, деталді сипаттаған лоттардың тізімі бар аукциондық карта, бұл карта әрбір Қатысуышыға тіркеу сәтінде таратылады.

г) АҚ - ф а б а р у г р а ф и г і .

Ескерту: 3.2.4-бап өзгертілді - ҚР мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті 1995 жылғы 10 қарашадағы

N 148 қаулысымен. V950005_

3.2.5. Ақпараттық хабар жарияланғаннан кейін Сатушы мен Ұйымдастырушы барлық ынта білдірушілердің АҚ, сату мәнісі мен аукцион өткізу жағдайлары туралы ақпаратқа еркін жетуін қамтамасыз етуге міндетті.

3.2.6. Сатушы кез келген қалаушыға ақпараттық материалдармен танысуға мүмкіндік жасайтын ақпараттық бюро ұйымдастырады. 3.2.7. Жарнаманың басқа тәсілдері еркін түрде жүзеге асырылады әрі ең көп Қатысушыларға шақыруға бағытталуға тиіс. 3.3. Қатысушыларды тіркеу 3.3.1. Аукционға қатысушыларды тіркеу ақпараттық хабар жарияланған күннен бастап жүзеге асырылады да аукционға бір сағат қалғанда аяқталады. 3.3.2. Аукционға Қатысушы ретінде тіркелу үшін: - аукционға қатысуға мәлімдеме; - төлкүжат немесе адамды куәландыратын өзге құжат; - кепілдік жарна қосқанын растайтын төлеу құжаттың түпнұсқасын немесе көшірмесін; - өкілдің өкілдігін куәландыратын құжат тапсыру керек. Занды тұлғалар: - құрылтайшы құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмесін; - (ақпараттық хабардың жариялану сәтіне) негізгі акционер-акциялардың 5%-нен көбін ұстаушылар туралы акционерлер тізімінен көшірмені қосымша тапсырады. 3.3.3. 3.3.2-баппен көзделген шарттардың бәрін орындаған адам Қатысушы билетін алады. Ол билет аукцион болған күні аукциондық нөмірге айырбасталады. Сауда жүру процесінде нөмірді басқа адамның пайдалануына тыйым салынады. 3.3.4. Сатушы мен Ұйымдастырушы саудаға дайындалу мен оларды өткізу барысында саудаға Қатысушыларға қатысы бар ақпаратты жария етуге құқылы емес. IV. Аукционды өткізу

4.1. Аукционды Аукционшы өткізеді. Аукцион оны өткізу тәртібін жарияланғаннан басталады. Аукционшы сауда процесінде аукцион қадамын, ол жайлы жариялай отыра, ауыстыруға құқылы.

4.2. Лоттарды аукционға шығару тәртібі туралы шешімді Аукционшы қабылдайды. Бұл тәртіптің аукциондық картада белгіленген тәртіпке сәйкес келмей ү м к і н .

4.3. Әрбір лот бойынша сауда Аукционшының сату мәнісін, оның қысқаша сипаттамасын, сауданы бастау бағасын және сауда өткізу тәсілін жарияланғаннан бастап басталады.

4.4. Сауда төменде аталған тәсілдердің біреуі бойынша өткізіледі.

Сауданың ағылшынша тәсілі:

- Аукционшы лоттың басталатын бағасымен бағаның өсу қадамын жариялайды. Аукционшы өз аукциондық нөмірін бірінші көтерген Қатысушының нөмірін жариялайды, бағаны бекітеді және Қатысушыларға бағаны көтеруді ұсынады. Нөмірді көтерумен Қатысушылар белгіленген қадамдағы бағаны көтереді, не одан жоғары баға айтады. Лот бойынша сауда ең жоғары ұсынылған бағага дейін жүргізіледі. Лотқа ең жоғары баға ұсынған Қатысушы Аукционшымен жарияланады. Аукционшы лоттың соңғы бағасын үш рет қайталайды және басқа нөмірлер көтерілмесе, осы лоттың сатылуы жайлы жариялады.

Лот бойынша сауда, тек лот бойынша саудаға қатысушылардың саны екіден кем болмағанда ғана өткізілген болып саналады. Егер сауданы бастау бағасын жариялағаннан кейін ешбір Қатысушының бұл лотты алғысы келмесе, Аукционшы оның бағасын 15%-ке дейін төмендетуге құқылы, және сауда процедурасы жалғаса береді. Егер лоттың бағасы 15%-ке түскеннен кейінде Қатысушылардың ешқайсысы лотты сатып алмаса, ол саудадан алынады.

Сауданың голланд тәсілі:

- Аукционшы лоттың сауда бастау бағасын жариялайды және, жаңа баға жариялай отыра, оны жарияланған қадаммен төмендетеді. Аукционшы баға жарияланғанда аукциондық нөмірін бірінші көтерген Қатысушының нөмірін жариялайды да осы лот бойынша оны Женуші деп жариялайды.

Бір мезгілде екі немесе одан көп нөмірлер көтерілген жағдайда, кім нөмірін бірінші көтергендігі жайлы шешімді Аукционшы қабылдайды, және Қатысушылар онымен дауласуға құқылы емес Ерекше жағдайларда Аукционшы жеребе процедурасын өткізуге құқылы.

Сауданың осы тәсілінің электр жүйелерін пайдаланумен іске асырылуы мүмкін.

4.5. Нақты лот бойынша сауда аяқталғаннан кейін, Аукционшы сауда нәтижелері туралы Хаттамаға қол қойылу үшін демалыс жариялауға құқылы.

4.6. Әрбір сатылған лот бойынша сауда қорытындылары, Ұйымдастырушы, Аукционшы және Женуші қол қоятын, сауда қорытындылары туралы Хаттамамен әрбір лот бойынша сауда аяқталысымен ресімделеді. Хаттама үш данада жазылады, олардың біреуі аукционнан кейінгі бір күннен кешіктірілмей Сатушыға беріледі.

4.7. Сауда қорытындылары туралы Хаттама, Сауда қорытындылары мен Женуші мен Сатушының сату батасымен акциялардың мемлекеттік пакетін сатып алу-сату шартын жасасу міндеттемелерін бекітетін құжат болып табылады. Женуші Хаттамаға қол қою күнінен бастап жеті күнтізбелік күннен кешіктірмей сатып алу-сату шартын жасауға құқылы. Жеті күннен асып кетсе мұндай құқық жоғылады.

4.8. Лот аукционда сатылмай қалған жағдайда, осы Ережеде жазылған процедуralарға сәйкес, ол келесі аукциондарға қайталап шығарылады.

V. Сатып алушылармен есептесу тәртібі және меншік құқығын ресімдеу

5.1. Акциялардың мемлекеттік пакеттерін сатып алу-сату шарты жазбаша түрде Сатушы мен Сатып алушының арасында жасалады және онда шарт жасасу

негізі ретінде сауда қорытындылары туралы Хаттамаға сілтеме болуға тиіс.

5.2. Сату алу-сату шарты бойынша есептесу Сатушы мен Сатып алушы арасында жасалады.

5.3. Сатып алу-сату шарты бойынша есептесуді бөліп-бөліп төлеген жағдайда Сатып алушы төлеудің мынадай тәртібі мен мерзімдерін сақтай отыра жасайды:

а) аванс төлемі акцияларды сату бағасынан 15% мөлшерінде, саты алу-сату шартына қол қойған күннен бастап 5 банктік күннен кешіктірілмей салынады;

б) қалған сома сатып алу-сату шартына қол қойған күннен бастап 30 күнтізбелік күннен кешіктірілмей құтылады.

5.4. Осы Ереженің 5.3.-бабында көзделген төлемдердің мерзімін өткізген үшін Сатып алушы Сатушыға мерзімін өткізуінді әрбір күніне акцияларды сату бағасынан 0,5% мөлшерінде айыппұл төлейді. Мұндай төлемдердің мерзімін 20 күннен аса асырып жіберген жағдайда, Сатушы шартты бұзуға құқылы.

5.5. Сатып алынған акцияларды толық төлеп болғаннан кейін сатып алу-сату процедурасы төленген акцияларды қабылдау беру актісіне қол қоюмен аяқталады

5.6. Сатып алу-сату шарты бойынша акцияларға деген меншік құқығы Сатып алушыда, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексімен және Қазақстан Республикасы Президентінің "Бағалы қағаздар мен қор биржасы туралы" заң күшіне ие Жарлығымен көзделген тәртіпте мәмілені тіркеу сәтінен пайда болады.

VI. Акциялардың мемлекеттік пакетін сатудан түсken қаражаттар

6.1. Акциялардың мемлекеттік пакетін сатудан түсken қаражаттар арнайы шоттарға салынады және сауданы ұйымдастыру мен өткізуге шыққан шығындарды өтегеннен кейін толық мөлшерде Республикалық бюджеттің табысина жіберіледі.

Ескерту: 6.1-бап жаңа редакцияда жазылды - КР мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті

1995 жылғы 10 қарашадағы N 148 қаулысымен. V950005_

6.2. Ұйымдастырушыға берілетін сыйакы Сатушының аукционды дайындау мен өткізуге шыққан шығындарына кіреді.

6.3. Сауданы өткізуге байланысты ақпараттық материалдарды сату мен кіру билеттерін сатудан түсken пайда Ұйымдастырушының билігінде қалады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК